

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 126 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте № 15628 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидалары";

1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – Қор) сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық Банк Басқармасы осы Қағидалардың ережелерін жылына кемінде бір рет талқылайды.";

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Негізгі ұғымдар";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кредиттік рейтинг – борыштық қаржы құралдары, эмитенттер, қарсы әріптестер бойынша кредиттік тәуекел деңгейінің халықаралық рейтингтік агенттіктер беретін көрсеткіші.";

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жинақ портфельі – бұл мақсаты тәуекел деңгейі тиісті болған кезде ұзақ мерзімді болашақта сақтау және кірістілікті қамтамасыз ету болып табылатын портфель. Жинақ портфельіне барлық түсімдер және жинақ портфельінен трансферттер тұрақтандыру портфельі арқылы жүзеге асырылады.

18. Тұрақтандыру портфельі – бұл мақсаты активтер өтімділігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету болып табылатын портфель.";

мынадай мазмұндағы 26-2, 26-3 және 26-4-тармақтармен толықтырылсын:

"26-2. Өтпелі кезең – 2017 жылдан бастап, жинақ портфельін жаңа нысаналы стратегиялық бөлуге өту жүзеге асыралатын ұзақтығы 3 (үш) жылдан 5 (бес) жылға дейінгі кезең.

26-3. Өту жоспары – Ұлттық Банктің Өтпелі кезең ішінде жинақ портфельінің активтерін жаңа стратегиялық бөлуге келтіруге бағытталған жүйелі іс-қимылдарының қатары.

26-4. EVA-ға (Enter Value Averaging) кіру мәндерін орташа мәнге келтіру стратегиясы – өту жоспарына сәйкес белгілі бір график бойынша активтерді алдын ала есептелген салмақтарға келтіру жүргізілетін активтерді қайта бөлу стратегиясы.";

3-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қордың портфельдерін басқару жөніндегі жалпы стратегия";

28, 29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Тұрақтандыру портфельінің ең жоғарғы мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер жылдың қорытындысы бойынша тұрақтандыру портфельінің

мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларынан асып кетсе, асып кеткен сомадан кем емес мөлшердегі қаражат 1 (бір) тоқсан ішінде тұрақтандыру портфелінен жинақ портфеліне ауыстырылады.

29. Қаражат жетпеген жағдайда республикалық бюджетке Қордан кепілдік берілген және нысаналы трансферттерді алуды қамтамасыз ету үшін активтердің бір бөлігін жинақ портфелінен тұрақтандыру портфеліне аудару жүргізіледі.

30. Қордың активтерін портфельдер арасында аудару, олардың түрі мен көлемі Өкілетті өкілдің тапсырмасымен ғана осы Қағидалардың шеңберінде жүзеге асырылады.";

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларда көзделген шектеулер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің шешімдеріне сәйкес сатып алынған, кірістілік пен тәуекелдер көрсеткіштерін есептегенде ескерілмейтін қазақстандық қаржы құралдарына қолданылмайды.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылады:

"33. Репо және кері репо операциялары А-1 (Standard&Poor's)/P1(Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар және А- (Standard & Poor's)/A3 (Moody's)) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері бар қарсы әріптестермен жүзеге асырылуға тиіс. Кері репо операцияларына арналған қамтамасыз ету нарықтық құны операция сомасының кемінде 100 (жүз) пайызын құрайтын, ең төменгі кредиттік рейтингі А+(Standard&Poor's)/A1 (Moody's) төмен емес бағалы қағаздар болуға тиіс.

34. Шетел валютасындағы және алтын депозиттері (салымдар) А-1 (Standard&Poor's)/(P1 Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингі бар және А (Standard& Poor's)/A2 (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар қарсы әріптестерде орналастырылады. Шетел валютасындағы депозиттердің (салымдардың) ең көп мерзімі – 1 (бір) ай. Алтын депозиттерінің (салымдарының) ең көп мерзімі осы Қағидалардың 56-4 тармағында көзделген.";

35-1-тармақ мынадай редакцияда жазылады:

"35-1. Валютамен операциялар, осы Қағидалардың 35-3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, жинақ және тұрақтандыру портфельдерінің эталондық портфеліне кіретін елдердің валюталарын сатып алумен және сатумен шектеледі.";

35-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35-4. Мемлекеттік бағалы қағаздың кредиттік рейтингі болмаған жағдайда мемлекеттік бағалы қағазға кредиттік рейтинг берілгенге дейін эмитент-елдің тәуелсіз рейтингі қолданылады.";

4-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Тұрақтандыру портфелінің негізгі өлшемдері";

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Тұрақтандыру портфелі кредиттік рейтингі А-(Standard&Poor's)/А3 (Moody's) төмен емес елдердің өтімділігі жоғары активтерінен тұрады.

38. Тұрақтандыру портфелінің секторлық бөлінуі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.";

5-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жинақ портфелінің өлшемдері";

1-параграфта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Жинақ портфелінің негізгі өлшемдері";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Жинақ портфелі кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфеліне, акциялар портфеліне және баламалы құралдар портфеліне бөлінеді.";

45-тармақ алып тасталсын;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Мыналар:

1) 35 (отыз бес) пайыз – дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларын;

15 (он бес) пайыз – дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларын;

10 (он) пайыз – корпоративтік облигацияларды қоса алғанда, 60 (алпыс) пайыз облигациялар;

2) 35 (отыз бес) пайыз – акциялар;

3) 5 (бес) пайызға дейін – баламалы құралдар деп бөлу жинақ портфелінің активтерін өтпелі кезең аяқталғаннан кейін нысаналы стратегиялық бөлу болып табылады.";

47-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-параграфпен толықтырылсын:

"1-1-параграф. Өтпелі кезеңнің жинақ портфелінің негізгі өлшемдері

47-1. Жинақ портфелінің активтерін жаңа стратегиялық бөлуге өту осы Қағидаларға өтпелі кезең ішінде тиісті өзгерістер енгізіле отырып, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес жинақ портфелінің құрамындағы портфельдердің нысаналы үлестерін әр жылдың соңында бөлуден тұратын өту жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

47-2. Нарық конъюктурасы қолайсыз болған немесе жинақ портфелінің инфрақұрылымын дайындауға қосымша уақыт қажет болған жағдайда өту жоспарынан ауытқуға рұқсат беріледі.

47-3. Тоқсан сайынғы өзгерістерді қоса алғанда, өту жоспарын іске асыру EVA-ға (Enter Value Averaging) кіру мәндерін орташа мәнге келтіру стратегиясына негізделеді.

47-4. Өту жоспарының 2017 жылға жоспарланған бірінші кезеңі 2017 жылғы төртінші тоқсанның ішінде жүзеге асырылады.";

2-параграфта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Кірісі белгіленген бағалы қағаздар (дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары) портфелінің өлшемдері";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Әлемнің дамыған елдерінің мына:

Merrill Lynch U.S. Treasuries, 1-5 Yrs (GVQ0) - 55 (елу бес) пайыз;

Merrill Lynch 1-5 Year All Euro Government Index, DE, FR, NL, AT, LU, FI (EVDF) - 15 (он бес) пайыз;

Merrill Lynch U.K. Gilts, 1-5 Yrs (GVL0) - 10 (он) пайыз;

Merrill Lynch Japanese Governments, 1-5 Yrs (GVY0) - 5 (бес) пайыз;

Merrill Lynch Australian Government, 1-5 Yrs (GVT0) - 5 (бес) пайыз;

Merrill Lynch Canadian Governments, 1-5 Yrs (GVC0) - 5 (бес) пайыз;

Merrill Lynch South Korean Government Index, 1-5 Yrs (GSKV) - 5 (бес) пайыз өтімділігі жоғары бағалы қағаздардың индекстерінен тұратын облигацияларының композиттік индексі жинақ портфелінің кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелі үшін эталондық портфель болып саналады.

Осы индекстегі эталондық бөлуге қайта оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі. Бағалы қағаздардың индекстегі құрамы ай сайын өзгереді. Кірістілік және тәуекел көрсеткіштері күн сайын есептеледі.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелінің секторлық бөлінуі осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес айқындалады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Бағалы қағаздың ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі – BBB (Standard&Poor's)/Baa2 (Moody's). Жинақ портфелін жеке басқарушының портфеліндегі корпоративтік бағалы қағаздарға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жинақ портфелінің жеке басқарушысының портфеліндегі корпоративтік бағалы қағаздарға ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг (Standard&Poor's/Moody's) бойынша лимиттер белгіленеді.

Ақша нарығының корпоративтік бағалы қағаздар эмитентінің ең төменгі қысқа мерзімді кредиттік рейтинг – A3(Standard&Poor's)/P3(Moody's).

Эталондық индекске кірмейтін елдердің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі AA-(Standard&Poor's/Aa3(Moody's)) және одан төмен мемлекеттік бағалы қағаздары, агенттік борыштық міндеттемелер, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері үшін жинақ портфеліндегі ең жоғары ауытқулар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Жылжымайтын мүлік (MBS) немесе активтер (ABS) кепілге салынған бағалы қағаздардың кредиттік рейтингтері AAA-дан BBB-ге дейін (Standard&Poor's) немесе Aaa-дан Baa2-ге дейін (Moody's) болады.";

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

"51-1. Кірісі белгіленген бағалы қағаздар (дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары) портфелі кірістілігінің эталондық портфельдің кірістілігінен (tracking error) ауытқуының күтілетін өзгермелілігі 2 (екі) пайыз.";

3-параграфта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Акциялар портфелінің өлшемдері";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Жинақ портфелінің акциялар портфелінің дербес басқарудағы активтері осы Қағидалардың 53-тармағында аталған қаржы құралдарына инвестициялануы мүмкін, сондай-ақ өтеу мерзімі 1 (бір) жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздарға, депозиттерге және репо операцияларына инвестициялауға жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 55-2-тармақпен толықтырылсын:

"55-2. Акциялар портфелі кірістілігінің эталондық портфельдің (tracking error) кірістілігінен ауытқуының күтілетін өзгермелілігі 3,75 (үш бүтін жүзден жетпіс бес) пайыз.";

мынадай мазмұндағы 4-параграфпен толықтырылсын:

"4-параграф. Балама құралдардың портфелі

55-3. Балама құралдардың портфелі кірістілігінің нысаналы деңгейі АҚШ долларымен өлшенетін 80 (сексен) пайызы MSCI ACWI Investable Market Index индексінен және 20 (жиырма) пайызы Barclays Global Aggregate Bond Index индексінен тұратын эталондық портфельдің кірістілігі болып табылады.

Эталондық бөлуге қайта оралу осы эталондық портфельде күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі.

Бұл ретте кірістіліктің ең төменгі деңгейі жылдық есептеуде АҚШ-тағы инфляция индексінің мәнін (US CPI) +3 (үш) пайызды құрайды.

55-4. Балама құралдар портфелінің мақсаты ұзақ мерзімді перспективада активтердің кірістілігін қамтамасыз ету және Қор активтерін әртараптандыру болып табылады. Балама құралдары портфелінің мақсатына сәйкес оның тиімділігін бағалау 15 (он бес) жылдан асатын кезеңге жүзеге асырылады.

55-5. Балама құралдардың портфелін басқаруды "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Корпорация) жүзеге асырады.

55-6. Балама құралдардың портфелінде инвестицияларды жүзеге асырған кезде Корпорация осы Қағидаларда белгіленген шектеулерді сақтайды.

55-7. Балама құралдар портфелінің активтері мынадай балама құралдарға:

- 1) хедж-қорларға;
- 2) жеке капиталға;
- 3) жылжымайтын мүлікке инвестицияларға;

- 4) инфрақұрылымдық инвестицияларға;
- 5) өтімді балама құралдарға инвестицияланады.

55-8. Балама құралдар портфелінің активтерін қорлардың қорларына (fund of funds) инвестициялауды жүзеге асыру үшін және қорларға тікелей инвестициялау жолымен берген кезде арнайы мақсаттағы (special purpose vehicle) компаниялардың акцияларын және үлестерін сатып алу арқылы инвестициялауға жол беріледі.";

5-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-тарау. Алтын портфелінің өлшемдері";

56-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56-4. Активтермен қамтамасыз етілмеген алтындағы депозиттің (салымның) ең көп мерзімі 1 (бір) жылдан аспайды. Активтермен қамтамасыз етілген алтындағы депозиттің (салымның) ең көп мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды. Қамтамасыз ету ретінде осы Қағидаларда инвестициялау үшін рұқсат етілген, ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі АА-(Standard&Poor's)/Aa3(Moody's) және одан жоғары болатын мемлекеттік бағалы қағаздар болады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Сыртқы басқарушыларды таңдау кезіндегі шектеулер";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Кастодиандарды таңдау кезіндегі шектеулер";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Құрылымдық өнімдерді пайдалану";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Есептілік";

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Кредиттік тәуекел лимиттері";

73 және 74-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Қарсы әріптестерге арналған лимиттер қарсы әріптестердің кінәсінен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуларды аяқтаудың кешігуіне байланысты жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде немесе мерзімді мәмілелерді жапқан күннен кейін келесі жұмыс күні Ұлттық Банктің қарсы әріптестерімен және кастодиандарымен операциялар бойынша кредиттік тәуекелді басқару тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес белгіленген шектеулерге сәйкес келтіріледі. Бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісін, сондай-ақ туынды құралдармен аяқталмаған операциялар бойынша қарсы әріптестердің кредиттік рейтингісін осы Қағидаларда белгіленген деңгейден төмен төмендеткен жағдайда, рейтинг төмендетілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде осы ұстанымдар мен мәмілелерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру бойынша шаралар қабылданады.

74. Сыртқы басқаруға берілген активтермен операциялар ең аз кредиттік рейтингісі осы Қағидаларда белгіленген шектеулерге сәйкес келетін қарсы әріптестермен жүзеге асырылады.";

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша";

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын;

4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымша";

5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 5-қосымша";

6-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Министрдің м.а. _____ Б. Шолпанқұлов

2017 жылғы 20 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Министр _____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 8 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 126 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
3-1-қосымша

Өту жоспары

Портфельдердің әр жылдың соңындағы жинақ портфелі құрамындағы нысаналы үлестері					
Жыл	Облигациялар			Дамыған елдердің акция-лары	Балама құралдар
	Мемлекеттік дамыған елдердің	дамушы елдердің	Корпоративтік		
2017	75%			23% және жоғары	шамамен 2% немесе шамамен 1 млрд. АҚШ доллары
2018	62%	5%	3%	26% және жоғары	шамамен 4% немесе шамамен 2 млрд. АҚШ доллары
2019	49%	10%	6%	31% және жоғары	шамамен 4% немесе шамамен 2 млрд. АҚШ доллары
2020	35%	15%	10%	35% және жоғары	5%-ға дейін

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 126 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша

Эталондық индекске кірмейтін елдердің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі AA-(Standard&Poor's)/Aa3(Moody's) және одан төмен мемлекеттік бағалы қағаздары,

агенттік борыштық міндеттемелер, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері үшін жинақ портфеліндегі ең жоғары ауытқулар

Активтердің түрі	Нарықтық құны	
	Ең төменгі	Ең жоғары
BBB/Vaa2-ден бастап қоса алғанда BBB+Vaa1 дейін (ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі В В В / В а а 2 активтердің үлесі 3%-дан аспауға тиіс)	0 %	6 %
ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі А-/А3 бастап қоса алғанда А/А2 дейін	0 %	9%
ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі А+/А1 бастап қоса алғанда АА-/Аа3 дейін	0 %	18 %

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК